

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 ақпандағы N 96 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 маусымдағы N 590 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 ақпандағы N 96 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2006 ж., N 5, 44-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін :

көрсетілген қаулымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында :

"Орындалуына жауаптылар" деген бағанда:
мәтін бойынша "МАСМ" деген аббревиатура "МММ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 46-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"МҚА-ның аумақтық басқармалары";

реттік нөмірі 48-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері";

ескертпеде "МАСМ - Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі" деген сөздер "МММ - Мәдениет және ақпарат министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі